**"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 18 тамыздағы № 222 -НҚ және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 19 тамыздағы № 338 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 тамызда № 39674 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35900 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 79) тармақшасына, " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ :";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 79) тармақшасына, " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібін айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ауданның (қаланың) білім бөлімі мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысының (бұдан әрі – бірінші басшы) бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облыстың Білім басқармасына конкурс өткізу туралы жазбаша өтініш хат жібереді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндеттерін атқару осы білім беру ұйымындағы басшы орынбасарына немесе педагогке конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге осы Қағидалардың 70-тармағының шарттары негізінде жүктеледі.

Конкурс өтпеген жағдайда, бірінші басшының міндеттерін атқаруды 6 (алты) айға дейінгі мерзімге 1 (бір) реттен асырмай ұзартуға жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Бірінші басшыны лауазымнан босату Кодексте және осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бірінші басшының лауазымына конкурсты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік), салалық министрліктердің жеке құрылымдық бөлімшесі немесе ведомстволық бағыныстылығына қарай облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім басқармасы жариялайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Президенттік жастар кадр резервіндегі адамдар, Назарбаев университетінің түлектері, Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқудан өткен шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, Quacquarelli Symonds World University Rankings, Times Higher Education (THE) университеттерінің әлемдік рейтингтері, Academic Ranking of World Universities әлемдік университеттердің Шанхай рейтингі бойынша әлемнің 100 үздік университетінің бірінде білім алған түлектер сертификаттаудан босатылады және тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі және педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағының 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттары болған жағдайда әңгімелесуге жіберіледі.";

11-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) осы Қағидалардың 1-қосымшасының 9-тармағына сәйкес конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Бірінші басшының лауазымына кандидат конкурсқа қатысу үшін құжаттарды жібергенге дейін осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында көзделген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған сертификаттаудан және мемлекеттік

тілді орта деңгейден (B1) төмен емес деңгейде білуге арналған тестілеуден (ҚАЗТЕСТ, QAZAQ RESMI TEST) өз бетінше өтеді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім басқармасының конкурстық комиссиясының құрамы кемінде 7 (жеті) адамнан, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланған төрағадан тұрады. Конкурстық комиссияның құрамына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің өкілдері, мемлекеттік білім беру ұйымдарының және әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары, басшылардың орынбасарлары, педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санаты бар әдіскерлері, азаматтық қоғам өкілі және үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, кәсіподақтар, Ардагерлер кеңесі, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің арасынан тәуелсіз сарапшы кіреді.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Байқаушы конкурстық комиссияның жұмысы туралы өз пікірін мемлекеттік органның басшысына жазбаша нысанда ұсынады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Комиссия қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда комиссия құрамы қайта қаралады.

Мүдделер қақтығысы деп комиссия құрамына кіретін адамдардың жеке мүдделері арасындағы қайшылықты айтамыз, мұндай жағдайда олардың жеке мүдделері өз міндеттерін орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін.

Мүдделер қақтығысы туындаған комиссия мүшелері туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Комиссия төрағасын немесе конкурс жариялаған мемлекеттік органның басшысын бұл туралы өздеріне белгілі болған сәтте жазбаша нысанда хабардар етеді.

Комиссия жазбаша өтініш негізінде шешім қабылдайды және хаттамамен ресімдейді.

Конкурс жариялаған мемлекеттік орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде Комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы бұйрық шығарады.";

25-тармақ алып тасталсын;

2-тараудың 2-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі";

30, 31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Министрлік, салалық министрліктер, облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың және астананың білім басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушілер) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес көрсетеді.

31. Көрсетілетін қызметті берушілер құжаттарды қабылдауды хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

32. Бірінші басшылар лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлғалар (бұдан әрі – кандидаттар) хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімдерінде 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағына сәйкес құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, немесе "цифрлық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі – портал) жолдайды.";

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

41. Білім беру саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушілерді , Мемлекеттік корпорацияны, "цифрлық үкімет" операторын, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығын хабардар етеді.";

56 және 57-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Сертификаттаудан өту үшін шекті деңгей әрбір нормативтік құқықтық актіні білу бойынша 50%-ды құрайды.

57. Сертификаттауға 96 минут беріледі, уақыт аяқталғаннан кейін бағдарламалық қамтамасыз ету автоматты түрде жабылады.";

2-тараудың 4-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-параграф. Әңгімелесуді өткізу тәртібі, конкурс қорытындылары және оған шағымдану, бірінші басшыларды тағайындау тәртібі";

мынадай мазмұндағы 63-1-тармақпен толықтырылсын:

"63-1. Бірінші басшының бос лауазымына орналасуға арналған конкурстың нәтижесі бойынша шешімді конкурстық комиссия кандидаттар жинаған балдар санының негізінде қабылдайды.

Ең көп балл жинаған кандидат конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Балдар тең болған кезде түпкілікті шешімді конкурстық комиссия мүшелері ашық дауыс беру жолымен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Бірінші басшының және білім беруді басқару органының келісімімен еңбек шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін бірінші басшы конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге осы білім беру ұйымының бірінші басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалады. Бірінші басшының міндеттерін атқару еңбек шартына қосымша келісім жасаумен және тиісті бұйрық шығарумен ресімделеді. Жоғарыда көрсетілген қолданылу мерзімі өткеннен кейін еңбек шарты Кодекстің 49-бабы 2) тармақшасының негізінде бұзылуға жатады. Еңбек шартын бұзу туралы хабарламаның болмауы еңбек шартын белгіленбеген мерзімге ұзарту үшін негіз болып табылмайды.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган апелляциялық комиссияның 5 (бес) адамнан тұратын құрамын айқындайды және бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның мүшелері кірмейді.";

81-тармақ алып тасталсын;

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Кадр резервіне қабылданған бірінші басшының орынбасарлары бірінші кезектегі тәртіппен "Жайлы мектеп" ұлттық жобасы шеңберінде салынған мектептерге бірінші басшылар немесе бірінші басшының орынбасарлары лауазымдарына тағайындалады.

Кадр резервіне қабылданған педагогтер бірінші кезектегі тәртіппен "Жайлы мектеп" ұлттық жобасы шеңберінде салынған мектептерге бірінші басшының орынбасарлары болып тағайындалады.";

3-тарау мынадай мазмұндағы 1-параграфтың тақырыбымен толықтырылсын:

"1-параграф. "Педагогтерді конкурстық және конкурстан тыс тағайындау тәртібі";

89 және 90-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Педагогтерді орта білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы электрондық форматта "Педагогті жұмысқа қабылдау" модулінде (бұдан әрі – Модуль) (https://hr.nobd.edu.kz/) жүзеге асырылады.

90. Педагогтерді мектепке дейінгі, қосымша, арнайы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы қағаз форматта жүзеге асырылады.";

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Шағын жинақты мектептерді, "Білім-инновация" лицей-интернаттарын, "Абай ұлттық мектебін" қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтердің бос немесе уақытша бос лауазымдарына конкурс өткізеді.";

мынадай мазмұндағы 94-1-тармақпен толықтырылсын:

"94-1. Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагог-ассистентті психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы немесе психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің шешімі негізінде, кандидат Үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес болған жағдайда, конкурссыз қабылдайды.";

98 және 99-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"98. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы бойынша GPA көрсеткіші 3,33 балдан төмен емес оқу нәтижесімен аяқтаған адамдар (педагогикалық өтілі жоқ соңғы екі жылдың түлектері) сертификаттаудан өткені туралы құжаты және грант беру туралы куәлігі болған жағдайда, конкурстық рәсімдерден өтпей жұмысқа қабылданады. Егер педагогтің бір бос лауазымына көрсетілген санаттағы екі және одан да көп тұлға үміткер болған жағдайда, таңдау ең жоғары GPA балы бойынша жүзеге асырылады.

Аталған адамдар жарияланған конкурстарға қатысқан жағдайда, іріктеу осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында жиналған балдардың нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

99. Конкурсқа Үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және құжаттарды осы Қағидаларға 11-1-қосымшаның 9-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес ұсынған педагогтер қатысады.

Жұмыс өтілі жоқ, педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және (немесе) педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар, сондай-ақ педагогикалық қызметті (5 жыл және одан көп үзіліспен) қайта бастауға тілек білдірген адамдар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағалау парағын толтырады.";

мынадай мазмұндағы 99-1 және 99-2-тармақтармен толықтырылсын:

"99-1. "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру ұйымы қоса атқарушыларды конкурссыз, негізгі жұмыс берушінің келісімі бойынша жұмысқа қабылдайды.";

99-2. Педагог лауазымынан босату Кодекстің 49-бабының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

100-тармақтан кейін 3-тарау мынадай мазмұндағы 2-параграфпен толықтырылсын:

"2-параграф. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы бос немесе уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа қатысу үшін педагогтердің құжаттарын қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі"

100-1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы бос немесе уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа қатысу үшін педагогтердің құжаттарын қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес

мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушілер) көрсетеді.

100-2. Көрсетілетін қызметті берушілер құжаттарды хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

100-3. Орта білім беру ұйымдарындағы педагог лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлғалар хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және 11-1-қосымшаның 9-тармағына сәйкес құжаттарды Модульге электрондық түрде жолдайды.

Мектепке дейінгі, қосымша, арнайы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы педагог лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлғалар хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және 11-1-қосымшаның 9-тармағына сәйкес құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне қағаз түрінде ұсынады.

100-4. Мемлекеттік қызметті қағаз түрінде көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 11-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді немесе 11-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартады.

100-5. Мемлекеттік қызмет модуль арқылы көрсетілген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" автоматты түрде құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

100-6. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

100-7. Орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері және көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

100-8. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарау және беру осы Қағидалардың 42, 43, 44, 45, 46, 47 және 48-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

3-тарау мынадай мазмұндағы 3-параграфтың тақырыбымен толықтырылсын:

"3-параграф. "Конкурс өткізу және конкурстың нәтижелеріне шағымдану тәртібі";

101-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды Модульде, білім беру ұйымының, тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органының интернет-ресурсында, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жариялау;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 7 (жеті) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;";

102-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) конкурсқа құжаттарды қабылдау мерзімдері;

5) осы Қағидаларға 11-1-қосымшаның 9-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі;";

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"108. Комиссия қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда комиссия құрамы қайта қаралады.

Мүдделер қақтығысы деп комиссия құрамына кіретін адамдардың жеке мүдделері арасындағы қайшылықты айтамыз, мұндай жағдайда олардың жеке мүдделері өз міндеттерін орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін.

Мүдделер қақтығысы туындаған Комиссия мүшелері туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Комиссия төрағасын немесе конкурс жариялаған мемлекеттік ұйымның басшысын бұл туралы өздеріне белгілі болған сәтте жазбаша нысанда хабардар етеді.

Комиссия жазбаша өтініш негізінде шешім қабылдайды және хаттамамен ресімдейді.

Конкурс жариялаған мемлекеттік білім беру ұйымы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы бұйрық шығарады.";

112-тармақ алып тасталсын;

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"113. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде осы Қағидаларға 11-1-қосымшаның 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.";

114-тармақ алып тасталсын;

116-тармақ алып тасталсын;

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің цифрлық сервисі арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы сұрау салуды құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне жолдайды.";

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"119. Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін 5 (бес) – 10 (он) жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін және осы Қағидаларға 11-1-қосымшаның 9-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын қарайды.

Кандидат Үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келмеген жағдайда, Комиссия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының тармақтарына сілтеме жасай отырып, сәйкессіздіктің жан-жақты себептерін көрсетіп, кандидатқа біліктілік бағалауынан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді.

Кандидат осы Қағидаларға 11-1-қосымшаның 9-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, Комиссия кандидатқа құжаттар пакетін белгіленген талаптарға сәйкес келтіру мақсатында оларды бір күндік мерзімде ұсыну үшін тиісті құжаттардың жоқ екендігі туралы хабарлама жолдайды.

Кандидат толтырған Бағалау парағы осы Қағидаларға 12 немесе 13-қосымшалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Комиссия кандидатқа оның нақты қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді және Бағалау парағын көрсетілген талаптарға сәйкестендіру үшін бір күндік мерзім белгілейді.";

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"128. Конкурс нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қатысушы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жоғары тұрған мемлекеттік ұйымда құрылған апелляциялық комиссияға 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымданады.";

129-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"129. Апелляциялық комиссияның құрамын білім бөлімдері, білім басқармалары айқындайды және бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамы 5 (бес) адамнан тұрады. Апелляциялық комиссияның төрағасы басшылықты жүзеге асырады, хатшы апелляциялық комиссияның отырысын ұйымдастырады, хаттаманы ресімдейді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге құқығы жоқ. Апелляциялық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның мүшелері кірмейді. Апелляциялық комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.";

133-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"133. Конкурс қағаз форматта өткізілген кезде кандидаттардың құжаттары конкурс жариялаған мемлекеттік ұйымда 5 (бес) жыл бойы сақталады.

Конкурс электрондық форматта өткізілген кезде кандидаттардың құжаттары Модульде 5 (бес) жыл бойы сақталады.";

134 және 135-тармақтар алып тасталсын;

осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес 11-1, 11-2 және 11-3-қосымшалармен толықтырылсын;

осы Қағидаларға 12 және 13-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 15 және 16-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықтың алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* | __________*А. Ертаев* |
| *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы* | __________*Ш. Акпарова* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша
Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
1-қосымша

## "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1. | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, салалық министрліктер және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушілер) көрсетеді** |
| 2. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауын | Жоқ |
| 3. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрін (бар болса) көрсету тәсілдері | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және нәтижесін беру:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);<br>3) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрін (бар болса) көрсету мерзімі | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы – 20 минут;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорация арқылы –1 (бір) жұмыс күні;<br>3) көрсетілетін қызметті беруші орналасқан жерден басқа жердегі Мемлекеттік корпорация арқылы – 7 (жеті) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;<br>4) портал арқылы жүгінген кезде – 1 (бір) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға және көрсетілген қызметті берушінің кеңсесіне құжаттар топтамасын |

| | | |
|---|---|---|
| | | тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 ( жиырма) минут;<br>Мемлекеттік корпорацияда көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут. |
| 5. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрін (бар болса) көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз |
| 6. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрін (бар болса) көрсету нәтижесі | Мемлекеттік қызмет қағаз форматта көрсетілген жағдайда – осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат не 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.<br>Мемлекеттік қызмет электрондық форматта көрсетілген жағдайда – көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы конкурсқа қатысу үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап келіп түседі. |
| 7. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00 мен 18.30 аралығы, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.<br>Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен |

| | | |
|---|---|---|
| | | сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырады.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. |
| | | 2) Мемлекеттік корпорация және цифрлық объекті – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.<br>Құжаттарды қабылдау және дайын құжаттарды беру электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады. |
| 8. | Жұмыс кестесі | 3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында, әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында;<br>2) www.eGov.kz порталында орналастырылған. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды береді:<br>1) Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттама |

| | | |
|---|---|---|
| 9. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | сервисінен электрондық құжат ( сәйкестендіру үшін);<br>3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;<br>4) білімі туралы құжаттың көшірмесі қосымшасымен бірге;<br>5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулығы туралы анықтама;<br>7) психикалық мінез-құлық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;<br>8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;<br>9) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес сертификаттаудан өткені туралы сертификат;<br>10) мемлекеттік тілді орта деңгейден (В1) төмен емес білуі туралы (ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST) сертификат ;<br>11) түйіндеме;<br>12) біліктілік санатын беру (растау ) туралы куәлік және бұйрық. |
| | | "Цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы:<br>1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы және фото;<br>3) білімі туралы мемелкеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;<br>4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу |

| | | |
|---|---|---|
| | | құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;<br>6) сертификаттаудан өткені туралы сертификат;<br>7) мемлекеттік тілді орта деңгейден (В1) төмен емес білуі туралы (ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST) сертификат ;<br>8) түйіндеме;<br>9) біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік және бұйрық.<br>Жеке басын куәландыратын, білімі туралы құжаттар, психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды динамикалық байқаудың жоқтығы туралы анықтамалар, наркологиялық науқастарды динамикалық байқаудың жоқтығы туралы анықтамалар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет " шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.<br>Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды жұмыс орнының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері растайды және мөрмен расталады. |
| 10. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету |

| | | |
|---|---|---|
| | мемлекеттік қызметті және оның кіші түрін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер | үшін ұсынылған материалдардың, объектілердің, қажетті деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| 11. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрін ( бар болса) көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар. | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті алушының аңықтама қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығының: 1414, 8-800-080-7777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. |

Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша
Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
2-қосымша

**Байқаушының жадынамасы**

Құрметті байқаушы, Сіз конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін шақырылдыңыз.

Осыған байланысты байқаушы ретінде барынша толық жұмыс істеу үшін осы жадынамамен танысуыңызды сұраймыз.

Жадынама қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Сіздің байқаушы ретінде:

1) конкурсқа қатысушылардың құжаттарымен танысуға;

2) конкурсқа қатысушылармен әңгімелесуге қатысуға;

3) әңгімелесу барысын бағалауға;

4) конкурс жариялаған мемлекеттік органның басшылығына конкурстық комиссияның жұмысы туралы пікіріңізді жазбаша түрде ұсынуға мүмкіндігіңіз бар.

Бұл ретте байқаушы:

1) кандидаттарға сұрақ қоя алмайды;

2) конкурсқа қатысушылардың дербес деректерін жария етпейді;

3) әңгімелесу өткізу процесіне араласпайды, конкурстық комиссияның отырысына кедергі жасамайды;

4) конкурсқа қатысушыларға қандай да бір көмек көрсетпейді;

5) конкурстық комиссия мүшелеріне шешім қабылдау кезінде ықпал етпейді;

6) конкурстың нақты қатысушылары, олардың жеке қасиеттері туралы көпшілік алдында пікір білдірмейді;

7) техникалық жазу құралдарын пайдаланбайды.

Әңгімелесу кезінде конкурстық комиссияның Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын сақтауына назар аударыңыз.

Таныстым: _______________________________________

(қолы) ТАӘ (ол болған жағдайда)

"____"_______________ 20__ ж.

Бірлескен бұйрыққа
3-қосымша
Мемлекеттік білім
беру ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

___________________
конкурс жариялаған
мемлекеттік орган
/ Кандидаттың тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған
жағдайда) (бұдан әрі -ТАӘ),
жеке сәйкестендіру нөмірі
(бұдан әрі –ЖСН), лауазымы,
жұмыс орны, нақты тұрғылықты
жері, тіркелген мекенжайы,
байланыс телефоны

**Өтініш**

Мені _________________________________________________________

(білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала\ ауыл)

____________________________________________________ бос/уақытша бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі кезде ________________________________________

____________________________________________________ жұмыс істеймін.

(лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала \ ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік

| Оқу орнының атауы | Оқу кезеңі | Диплом бойынша мамандығы |
|---|---|---|
| | | |

Біліктілік санатының болуы (болған жағдайда берілген (расталған) күні):

___________________________________

Жұмыс өтілі:

| Жалпы | Педагогикалық | Мемлекеттік қызмет өтілі | Мамандығы бойынша ( кәсіпкерлік субъектілерінің мамандары үшін) | Осы білім беру ұйымында, оның ішінде атқаратын лауазымда |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Мынадай жұмыс нәтижелерім бар:

________________________________________________

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

___________________________________________________

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес менің дербес деректерімді дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін кез келген заңды тәсілдермен (фото, видео, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің цифрлық жүйелерге жүйелерінде пайдалану үшін) өңдеуге келісім беремін.

Мен келісемін

____________________________________________________

ТАӘ (ол болған жағдайда) (қолы)

"____"______________20___жыл __________ /қолы/

Бірлескен бұйрыққа
4-қосымша
Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Құжаттарды қабылдау туралы қолхат**

_____________________________________________________________________

көрсетілетін қызметті алушының ТАӘ (ол болған жағдайда) көрсету

______________________________________________________________________

көрсетілетін қызметті берушінің атауын көрсету

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. ____________________________________________________________
2. ____________________________________________________________
3. ____________________________________________________________
4. ____________________________________________________________
5. ____________________________________________________________
6. ____________________________________________________________
7. ____________________________________________________________
8. ____________________________________________________________
9. ____________________________________________________________
10.____________________________________________________________
11.____________________________________________________________
12. ___________________________________________________________
13. ___________________________________________________________

Қабылдады:

______________________________________________________________

______________________________________________________________

